

Атасу ЖББ мектебінің педагогикалық әдеп қағидалары туралы

2022-2023 оқу жылы бойынша

АҚПАРАТ

Атасу ЖББ мектебінде қыркүйек айында кеңес құрамында өзгеріс болуына байланысты бұйрық шығарылып бекітілді. Қараша айында Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы өтті, кеңесте мектеп директоры С.Х.Кенжебаева педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығының негізгі тарауларымен және Педагогикалық әдептің жөніндегі кеңестің міндеттері айтылып, кеңестің жоспары таныстырылды.

Әдеп бойынша зейнеткерлер мен мұғалімдер арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кеңес мүшесі зейнеткер ұстаз Зықыш Байкенқызы жас жаңадан келген мұғалімдерге тәжерибиелі ұстаздар тарапынан көмектің берілуі керектігін ұсынды. Наурыз айында мұғалімдер педагогтардың құқықтары бойынша танысты. Сонымен қатар педагогтарға көпшілік ортада әдеп-этикалық нормалары, яғни өздерін дұрыс ұстау бойынша кеңестер берілді. Жас мамандар А.Журунтаева мен А.Жүніске Педагогикалық этика Кеңесті құру туралы ережесін қарау және бекіту жұмыстары таныстырылды. Әдеп қағидаларын үнемі басты назарда ұстау ескертілді. Кеңес мүшесі, мектептің тағы бір зейнеткер ұстазы С.Сейдрахманова жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтауына байланысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгінетінін айтты. Әлеуметтік желіде де қоғамдық орындардағы этикалық талаптар сақталу керектігі жас мамандарға таныстырылды.

Мектепте Педагогикалық әдеп қағидалары бойынша барлық құжаттар түптеліп, тігіліп мұғалімдер бөлмесінде үнемі педагогтар назарында тұрады.

Мектеп директоры

Хатшы



С.Х. Кенжебаева

М.К. Ахметова